

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	071
Жинақтағы беттері	330-334
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 343.6
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Ажгужиев Айтек Мухтарович
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент А.К. Нурлин
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫҢ АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

9.Шубина Л.В. Межнациональные конфликты: характеристика, причины и основные классификации 2017 // <https://cyberleninka.ru/article/n/mezhnatsionalnye-konflikty-harakteristika-prichiny-i-osnovnye-klassifikatsii-1/viewer>

10.Борисова С. Медиация в межэтнических конфликтах: как это происходит 2019 // <https://assembly.kz/ru/news/mediatsiya-v-mezhetnicheskikh-konfliktakh-kak-eto-proiskhodit/>

11.Международное информационное агентство «Казинформ» Заявление Ассамблеи народа Казахстана по событиям в Жамбылской области 2020 // https://www.inform.kz/ru/zayavlenie-assamblei-naroda-kazahstana-po-sobytiyam-v-zhambylskoy-oblasti_a3612511

12.Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Медиация Кеңесі // <https://assembly.kz/struktury-ank/mediatsiya-ank/>

13. Келигов Ю. Медиация как метод разрешения социального напряжения и конфликтов 2021 // <https://assembly.kz/ru/news/yusup-keligov-mediatsiya-kak-metod-razresheniya-sotsialnogo-napryazheniya-i-konfliktov/>

14.АНК. Центр межэтнических и межконфессиональных отношений АГУ при Президенте РК // <https://assembly.kz/ru/prochee/tsentr-mezhetnicheskikh-i-mezhkonfessionalnykh-otnosheniy-agu-pri-prezidente-rk/>

15.Пресс-служба Министерства культуры и информации РК. Итоги 2024: развитие межэтнических отношений 2024 // <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/906914?lang=ru>

ӘОЖ 343.6

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫҢ АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ажгужиев Айтек Мухтарович

aitekazhguzhiev@gmail.com

«Құқықтану» білім бағдарламасының 1 курс студенті

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент А.К. Нурлин

Қазіргі таңда тұрмыстық зорлық-зомбылық – жаһандық деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі. Бұл құбылыс әлемнің барлық елдерінде кездеседі және оның таралу деңгейі мәдени, әлеуметтік, экономикалық факторларға байланысты өзгеріп отырады. Қазақстан Республикасында да бұл мәселе терең тамыр жайған және оған қарсы күрес жүргізу үшін құқықтық, әлеуметтік және психологиялық шаралар кешенін қолдану қажет [1, с. 57].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық тек жеке тұлғаларға ғана емес, тұтас қоғамға да айтарлықтай зиян келтіреді. Ол адамдардың психологиялық жағдайына, денсаулығына, экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктеріне кері әсерін тигізіп қана қоймай, елдің құқықтық жүйесінің кемшіліктерін де айқындайды. Көптеген адамдар, әсіресе әйелдер мен балалар, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары болып табылады, бірақ олар бұл туралы құқық қорғау органдарына хабарлаудан жасқануы мүмкін. Оның негізгі себептері – әлеуметтік стигма, құқық қорғау органдарына деген сенімнің төмендігі, отбасылық құндылықтарды қорғау мақсатында мәселені жабық күйде қалдыру және экономикалық тәуелділік [2, с. 38].

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін Қазақстан Республикасында заңнамалық негіздер жасалғанымен, олардың тиімділігі күмән тудырады. Осы зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құқықтық аспектілерін жан-жақты қарастырып, оның алдын алу шаралары мен механизмдерінің тиімділігін талдау, сондай-ақ халықаралық тәжірибені зерттеу арқылы осы мәселені шешу жолдарын ұсыну.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – бұл бір отбасы мүшесінің екіншісіне қатысты күш қолдану немесе қысым көрсету әрекеттерін қамтитын әлеуметтік құбылыс. Ол әртүрлі сипатта болуы мүмкін, бірақ оның барлығы жәбірленушінің физикалық және психикалық денсаулығына зиян тигізеді. Бұл құбылыс көбінесе жақын адамдар арасында болатындықтан, жәбірленушілер көбінесе өз құқықтарын қорғау үшін қажетті шараларды қабылдай алмайды [2, с. 40].

Зорлық-зомбылықтың қоғамға тигізетін әсері өте ауқымды. Біріншіден, бұл адам құқықтарының өрескел бұзылуы болып табылады. Әрбір адамның қауіпсіз өмір сүруге құқығы бар, ал тұрмыстық зорлық-зомбылық осы құқықты шектейді. Екіншіден, зорлық-зомбылық құрбандарының денсаулығына келтірілген зиян медициналық және психологиялық қызметтердің шығындарын көбейтеді, бұл өз кезегінде мемлекетке қосымша әлеуметтік жүктеме артады. Үшіншіден, зорлық-зомбылықтың салдарынан көптеген балалар психологиялық жарақат алады және болашақта агрессиялық мінез-құлық көрсетуі немесе керісінше, өздеріне сенімсіз болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес заңнамалық тұрғыдан бірнеше нормативтік актілер арқылы реттеледі. Ең маңыздысы – 2009 жылы қабылданған «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заң. Бұл заң тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жәбірленушілердің құқығын қорғау, құқық бұзушыларға шара қолдану сияқты маңызды аспектілерді қамтиды.

Сонымен қатар, ҚР Қылмыстық кодексінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты бірқатар баптар қарастырылған. Мысалы, 110-бап (қинау), 120-бап (зорлау) және 121-бап (сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері) осы санаттағы қылмыстарға қатысты жауапкершілікті белгілейді. Бірақ көптеген жағдайда бұл нормалар іс жүзінде толық орындалмайды. Жәбірленушілердің көбі құқық қорғау органдарына жүгінбейді немесе олар арыз берсе де, полиция органдары оны қараусыз қалдыруы мүмкін [3, с. 108].

Қазақстандағы заңнамалық база халықаралық стандарттармен салыстырғанда әлі де болса жетілдіруді қажет етеді. Көптеген дамыған елдерде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді құқықтық тетіктер бар.

Мысалы, АҚШ-та зорлық-зомбылыққа қарсы федералдық және штаттық деңгейдегі заңдар бар, және жәбірленушілер үшін арнайы баспаналар мен жедел құқықтық көмек көрсететін ұйымдар белсенді жұмыс істейді [4]. Швеция мен Норвегияда тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға қатысты автоматты түрде қорғау ордері беріледі, ал жәбірленушілерге әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетіледі [5].

Қазақстан осы тәжірибелерді өз заңнамалық және әлеуметтік жүйесіне енгізуі қажет. Жәбірленушілерге арналған арнайы қызметтерді күшейту, зорлық-зомбылық көрсеткен адамдарға қатысты жазаны қатаңдату, сондай-ақ құқық қорғау органдарының осы саладағы біліктілігін арттыру маңызды.

Құқықтық аспектілер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда маңызды рөл атқарады. Заңдар – бұл мемлекеттің зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізудегі негізгі құралдарының бірі. Қазақстанда бұл мәселе бірнеше заңнамалық актілер арқылы реттеледі, олардың арасында "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" заң, Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс және басқа да нормативтік құжаттар бар.

Алайда, заңдар қабылданғанымен, олардың тиімді орындалуы – басқа мәселе. Көп жағдайда жәбірленушілер өз құқықтарын білмейді немесе оларды қорғау механизмдері тиімсіз жұмыс істейді. Кейбір адамдар тұрмыстық зорлық-зомбылыққа шағымданудан қорқады, өйткені олар құқық қорғау органдарының әрекетсіздігіне немесе қылмыскердің жазасыз қалатынына сенімді [1, с. 58]. Сонымен қатар, кейбір құқық бұзушылар әкімшілік жаза алғаннан кейін өз әрекеттерін қайталаудан тайынбайды, себебі қазіргі заңнамада олар үшін аса қатаң санкциялар қарастырылмаған.

Құқықтық механизмдерді жетілдіру үшін бірнеше маңызды өзгерістер қажет. Біріншіден, құқық бұзушыларға қолданылатын жазаны қатаңдату керек. Әкімшілік айыппұлдар зорлық көрсеткен адамға ешқандай әсер етпеуі мүмкін, әсіресе егер ол отбасын

материалдық жағынан қамтамасыз ететін жалғыз адам болса. Айыппұлдың орнына міндетті түзету бағдарламаларын енгізу, құқық бұзушыларға психологиялық көмек көрсету және оларды арнайы бақылауға алу жүйесін енгізу тиімдірек болуы мүмкін.

Екіншіден, жәбірленушілерді қорғау механизмдерін жетілдіру қажет. Қазіргі таңда қорғау ордерлері бар, бірақ олар көбінесе қағаз жүзінде қалып, нақты нәтиже бермейді. Егер құқық бұзушы қорғау ордерін бұзса, оған қатаң жаза қолданылуы керек, ал жәбірленушіге тәулік бойы жұмыс істейтін арнайы көмек көрсету желілері ұсынылуы қажет.

Үшіншіден, құқық қорғау органдарының әрекет ету алгоритмін нақтылау керек. Көп жағдайда полиция тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін "отбасылық жанжал" деп қабылдап, арызды тіркеуден бас тартады немесе жағдайды тереңірек тексермейді. Полиция қызметкерлерін бұл мәселеге ерекше мән беруге үйрету қажет, ал зорлық-зомбылық туралы шағымдарды қарастыру тәртібі заң жүзінде нақты бекітілуі тиіс.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте негізгі жауапкершілік мемлекетке жүктеледі. Бұл ретте құқық қорғау органдары, прокуратура, әлеуметтік қызметтер және жергілікті әкімдіктер бірлесе әрекет етуі тиіс [2, с. 36].

Полицияның рөлі зорлық-зомбылық фактілеріне жедел әрекет етуден басталады. Жәбірленушілерге көмек көрсету жылдам әрі тиімді болуы керек. Құқық қорғау органдары жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оны уақытша баспанамен қамтамасыз етіп, құқық бұзушыға қатысты дереу шара қолдануы тиіс [1, с. 62]. Бұл ретте полиция қызметкерлеріне арнайы дайындық курстарын өткізу қажет, өйткені олар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың психологиялық ерекшеліктерін терең түсінуі керек.

Прокуратура мен сот жүйесі зорлық-зомбылыққа қатысты істердің әділ қаралуын қамтамасыз етуі тиіс. Көптеген істер жәбірленушінің арызын кері қайтарып алуына байланысты жабылады, ал кейбір жағдайда айыпталушылар жеңіл жаза алады [3, с. 108]. Бұл тұрғыда прокуратура мен соттар жәбірленушілерді қорғау үшін қатаң саясат жүргізуі тиіс.

Әлеуметтік қызметтер зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге қолдау көрсетуде маңызды рөл атқарады. Олардың міндетіне жәбірленушілерді уақытша баспанамен қамтамасыз ету, психологиялық және құқықтық көмек көрсету, қайта бейімдеу бағдарламаларын ұсыну кіреді. Алайда, әлеуметтік қызметтер барлық өңірлерде бірдей дамымаған. Ауылдық жерлерде мұндай қызметтердің қолжетімділігі төмен болғандықтан, олардың жұмысын кеңейту қажет.

Үкіметтік емес ұйымдар тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте маңызды рөл атқарады, себебі олар жәбірленушілерге тікелей көмек көрсетіп, мемлекетке осы мәселеге назар аударуға ықпал етеді. Көптеген ҰЕҰ зорлық-зомбылық құрбандарына тегін психологиялық және заңгерлік көмек көрсетеді, сондай-ақ дағдарыс орталықтарын басқарады.

Халықаралық ұйымдар да Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын қолдайды. БҰҰ құрылымдары (UN Women, UNICEF, UNDP), Еуропалық Одақ, Халықаралық адам құқықтары ұйымдары зорлық-зомбылыққа қарсы жобаларды қаржыландырып, зерттеулер жүргізеді және заңнаманы жетілдіруге көмектеседі [4].

Мысалы, Стамбұл конвенциясы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен күресудің ең тиімді халықаралық құжаттарының бірі болып табылады. Бұл конвенцияны ратификациялаған елдер құқық бұзушыларға қатысты қатаң шаралар қабылдап, жәбірленушілерді қорғаудың жоғары стандарттарын енгізеді [5]. Қазақстан бұл конвенцияға қосылу мәселесін қарастыруы тиіс, өйткені оның талаптары ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, зорлық-зомбылықтың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі – түзету бағдарламаларын енгізу. Көптеген елдерде құқық бұзушылар арнайы психологиялық курстардан өтеді, олардың мінез-құлқын түзетуге бағытталған бағдарламаларға қатысады [1, с. 62]. Қазақстанда да осындай жүйені енгізу маңызды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – тек жеке адамдардың немесе отбасылардың ғана емес, бүкіл қоғамның қауіпсіздігіне әсер ететін күрделі әлеуметтік мәселе. Оның алдын алу үшін жан-жақты кешенді шаралар қажет. Қоғамда қалыптасқан көзқарастар мен стереотиптер, құқықтық жүйедегі кейбір кемшіліктер, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі зорлық-

зомбылықтың жалғасуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселені түбегейлі шешу үшін заңнамалық реформалар жүргізіп қана қоймай, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, жәбірленушілерге қолдау көрсету жүйесін күшейту, құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіру және қоғамдық санада өзгеріс жасау қажет.

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдарға көмек көрсету үшін арнайы дағдарыс орталықтары үлкен маңызға ие. Мұндай орталықтар жәбірленушілерге уақытша баспана, психологиялық және заңгерлік көмек көрсетіп, олардың жаңа өмір бастауына мүмкіндік береді. Алайда, Қазақстанда мұндай орталықтардың саны аз және көбінесе ірі қалаларда ғана орналасқан. Ауылдық жерлерде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары үшін көмек алу мүмкіндігі шектеулі.

Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен дағдарыс орталықтарының санын көбейту және олардың қызметін жақсарту қажет. Әсіресе, халық тығыз орналасқан аймақтар мен ауылдық жерлерде жаңа орталықтар ашу маңызды. Сонымен қатар, мұндай орталықтардың қаржыландырылуын тұрақты түрде қамтамасыз ету керек. Қазіргі таңда олардың көпшілігі мемлекеттік емес ұйымдардың немесе халықаралық қорлардың көмегіне сүйенеді, ал бұл тұрақты әрі жүйелі жұмысты қамтамасыз ете алмайды.

Қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін психологтар мен заңгерлердің кәсіби деңгейін арттыру қажет. Олар жәбірленушілермен қалай жұмыс істеу керектігін, оларға қандай көмек көрсету маңызды екенін жақсы білуі тиіс. Сондай-ақ, жәбірленушілерді қолдау кезінде олардың қауіпсіздігі мен құпиялылығын сақтау өте маңызды. Көптеген адамдар зорлық көрсеткен адамнан қорқып, көмек сұрауға батылы бармайды, сондықтан олар үшін жасырын түрде жұмыс істейтін қолдау желілері мен орталықтарды дамыту қажет.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте қоғамның көзқарасын өзгерту өте маңызды. Өкінішке қарай, көптеген адамдар әлі күнге дейін бұл мәселені "отбасылық іс", "ерлі-зайыптылар арасындағы жеке мәселе" деп қабылдап, оған немқұрайлы қарайды. Кейбір жағдайларда жәбірленушінің өзі зорлық-зомбылықты қалыпты жағдай ретінде қабылдайды, өйткені оның айналасындағылар да осылай өмір сүріп келеді.

Осыған байланысты қоғамдық ақпараттандыру мен құқықтық білім беруге ерекше назар аудару керек. Мектептер мен университеттерде арнайы білім беру бағдарламаларын енгізіп, жастарға зорлық-зомбылықтың салдары, заң алдындағы жауапкершілік және өздерін қалай қорғау керектігі туралы түсіндіру қажет [3, с. 108].

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да зорлық-зомбылыққа қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу маңызды. Теледидар, радио, әлеуметтік желілер арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зияны, жәбірленушілердің құқығы және көмек алу жолдары туралы ақпарат тарату қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, құқықтық кеңес беру қызметтерін кеңейтіп, халыққа тегін заңгерлік көмек көрсету орталықтарын көбейту маңызды.

Үкіметтік емес ұйымдар мен еріктілер де бұл бағытта белсенді жұмыс істеуі тиіс. Олар халыққа қажетті ақпаратты таратып, жәбірленушілерге көмек көрсетіп қана қоймай, заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар да жасай алады.

Құқық қорғау органдары тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте шешуші рөл атқарады. Алайда, кейбір жағдайларда полиция қызметкерлері бұл мәселеге жеңіл қарап, "отбасылық жанжал" ретінде ғана бағалайды. Мұндай көзқарас жәбірленушілердің әділдікке қол жеткізуіне кедергі келтіреді және зорлық-зомбылықтың қайталануына алып келеді.

Бұл мәселені шешу үшін полиция қызметкерлерін арнайы даярлау қажет. Оларға тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына қалай көмектесу керектігі, жәбірленушілермен қалай жұмыс істеу қажеттігі туралы тренингтер өткізу маңызды. Сондай-ақ, құқық қорғау органдарының жауапкершілігін арттырып, олардың тұрмыстық зорлық-зомбылық істерін қарау тәртібін нақтылау керек. Егер полиция қызметкері арызды қабылдаса немесе дұрыс шара қолданбаса, оған қатысты қатаң тәртіптік жаза қолданылуы тиіс.

Әлемнің көптеген елдері тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресудің тиімді тетіктерін енгізген. Қазақстан да бұл тәжірибелерді өз заңнамасына енгізуі қажет [4].

Мысалы, АҚШ-та жәбірленушілерге арналған жедел көмек көрсету желілері жақсы дамыған. Германияда құқық бұзушыларға арналған психологиялық түзету бағдарламалары бар, ал Швецияда құқық бұзушыны жәбірленушімен бірге тұратын үйден дереу шығару тәжірибесі қолданылады. Қазақстан осы елдердің тәжірибелерін ескере отырып, құқықтық тетіктерін жетілдіруі тиіс.

Көп жағдайда жәбірленушілер зорлық көрсеткен адаммен бірге тұруға мәжбүр болады, өйткені олар экономикалық тұрғыдан оған тәуелді. Әсіресе, бұл мәселе әйелдер мен балаларға қатысты өзекті. Егер адам өздігінен өмір сүре алмаса, онда оның басқа амалы болмайды [1, с. 62].

Осыған байланысты мемлекет тарапынан қаржылық және әлеуметтік қолдау көрсету механизмдерін енгізу маңызды. Жәбірленушілерге арнайы бағдарламалар арқылы жаңа кәсіпті игеруге мүмкіндік беру, жұмысқа орналасуға көмектесу, уақытша баспана және қаржылай көмек ұсыну қажет [2, с. 42].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – тек жеке адамдардың немесе отбасылардың ғана емес, бүкіл қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығына әсер ететін күрделі әлеуметтік мәселе. Ол адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бұзады, психологиялық және физикалық жарақаттарға алып келеді, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын әлеуметтік мәселелерді туындатады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу – мемлекеттің, құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және бүкіл қоғамның басты міндеттерінің бірі болуы тиіс [3, с. 110].

Қазіргі құқықтық нормалар кейбір жағдайларда жеткіліксіз немесе тиімсіз болып қалуы мүмкін. Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заңдар бар болғанымен, олардың қолданылу механизмі әрдайым нақты нәтиже бермейді. Құқық бұзушыларға қолданылатын жазаны қатандату, қорғау ордерін тиімді ету, құқық қорғау органдарының әрекет ету алгоритмін нақтылау – заңнаманы жетілдірудің негізгі бағыттары болуы тиіс. Сондай-ақ, құқықтық реформалар тек жазалауға емес, алдын алу шараларына да негізделуі керек.

Құқық қорғау органдарының жауапкершілігі мен кәсібилігін арттыру – маңызды қадамдардың бірі. Көптеген жағдайларда полиция қызметкерлері зорлық-зомбылыққа қатысты арыздарға тиісті деңгейде жауап бермейді немесе оны отбасылық жанжал ретінде қарастырып, мәселені терең зерттемейді [1, с. 59]. Бұл жәбірленушілердің қорғансыз қалуына, ал құқық бұзушылардың жазасыз қалуына әкеледі. Сондықтан полиция қызметкерлерін арнайы даярлау, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы істерді қарау тәртібін нақтылау және құқық қорғау органдарының жәбірленушілерді қорғау бойынша жұмысын күшейту қажет.

Жәбірленушілерге кешенді қолдау көрсету жүйесін дамыту зорлық-зомбылықпен күресте маңызды рөл атқарады. Көптеген адамдар зорлыққа ұшырағаннан кейін өздерін жалғыз сезінеді, қайда барып, кімнен көмек сұрау керектігін білмейді. Сондықтан дағдарыс орталықтарының санын көбейту, тегін психологиялық және заңгерлік көмек көрсету қызметтерін жетілдіру, жәбірленушілерге уақытша баспана беру сияқты шаралар қолға алынуы тиіс. Бұл ретте ауылдық жерлердегі адамдарға ерекше назар аудару қажет, өйткені олар үшін көмек алу мүмкіндіктері ірі қалалардағыдай кең емес.

Қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың негізгі жолдарының бірі. Қазіргі таңда көптеген адамдар өз құқықтарын білмейді немесе оларды қорғау жолдарын түсінбейді. Бұл жағдай зорлық-зомбылықтың кең таралуына ықпал етеді. Сондықтан құқықтық білім беру жүйесін жетілдіру, мектептер мен университеттерде арнайы бағдарламалар енгізу, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу қажет. Әлеуметтік желілер, теледидар, радио және басқа да ақпарат құралдары арқылы зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы материалдар тарату – халықтың құқықтық сауаттылығын арттырудың тиімді әдістерінің бірі.

Халықаралық тәжірибені енгізу де маңызды аспектілердің бірі. Көптеген елдерде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің тиімді жүйелері қалыптасқан. Мысалы, кейбір мемлекеттерде құқық бұзушылар міндетті түрде психологиялық түзету бағдарламаларынан